

**№ 20 Т.Бердияров атындағы жалпы орта білім беретін
мектебінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» мектеп
оқушыларымен жүргізілетін жұмысының I жарты
жылдықтағы іс-жоспары**

2023-2024 оқу жылы

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Е.Юсупов

Мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысының Модельдік жоспарын орындау

№20 Т.Бердияров атындағы жом бойынша 2023-2024 оқу жылының 1 жарты жылдығында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мектепте өткізілетін іс шаралармен, сынып сағаттарының жоспары

1. Қыркүйек айында 5-11 сыныптардың қатысуымен «Өзін-өзі басқару» ерікті мектеп клубының қатарына қабылдаудың салтанатты рәсімін өткізу. Жауапты К.Уринбаева, Х.Кубекбаева

1-11 сыныптардың қатысуымен «Ақылды адам» оңтайландыратын бұрышын құру.

Жауапты: Сынып жетекшілері.

2. Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарына адамгершілік пен құқықтық мәдениетті арттыру мәселелерін енгізу. «Адал және шыншыл болу», «Адам болу» тақырыбында сынып сағаттарын өткізу. Жауапты 1-4 сынып жетекшілері (Қыркүйек айының 2 аптасы)

3. 5-8 сыныптар арасында «Адалдық пен мейірімділік», «Ар-ұждан бойынша өмір сүру» тақырыптық сынып сағаттарын өткізу. Жауапты 5-8 сынып жетекшілері (Қыркүйек айының 2 аптасы)

4. «Қазақстан құқықтық мемлекет» айы аясында бастауыш сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сурет байқауын өткізу 5-11 аралығында Жауапты: Еңбек пен бірлестігі

5. 2022 жылдың 22-ші желтоқсанында 9-11 сынып оқушылары арасында «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес» тақырыбында әңгіме жұмыстары жүргізіп, бірыңғай сынып сағаттарын өткізу. 8-11 сынып оқушылары үшін «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» бейне роликті көрсету. «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын» 7-11 сынып оқушылары арасында блиц-турнир өткізіп, олар арасында анонимді сауалнама жүргізу.

6. Сынып жетекшілерінің отырысында директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Н.Тағай «Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық және онымен күрес шаралары» және ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі ережелерін түсіндіру туралы (31.08.2023 ж. өзгерістермен және толықтырулармен) сұрақты қоса алғанда, «Қазақстандағы жемқорлық» тақырыбында баяндама жасау.

№20 Т.Бердияров атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында өткізілген жиналыс

ХАТТАМАСЫ

Қатысқаны:

Мектеп директоры: Е.Юсупов

ДТІЖО: А.Артыков

ДТІЖО м.а: Н.Тағай

ДОІЖО: А.Бахторазов

ДОІЖО: А.Тағаев

ДОІЖО: Ж.Абишов

Күн тәртібінде:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы

Тыңдалды:

Жиналысты мектеп директоры: Е.Юсупов ашты

Е.Юсупов: Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішкінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жокқа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның

барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері он жылдың ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

А.Артыков: «Сыбайлас жемқорлықтың заңнамалары» атты баяндамамен таныстырып өтті. Баяндамаушыға қойған сұрақтарға жауап бере алды.

Хатшы:



Н.Тағай

Сыбайлас жемқорлық (баяндама)

Сыбайлас жемқорлық қоғамдық өмірдегі ең қауіпті факторлардың бірі болып табылады, ол мемлекеттің жалпы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына ғана емес, сонымен бірге оның барлық құрамдас бөліктеріне де зиянды әсер етеді. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық.

Қазіргі таңда қоғамымызға, қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі ретінде анықталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы

Қазақстан Республикасының Заңы бар 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған
Осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Бұл 5 тарау 27 баптан тұратын заңдар жинағы.

Сыбайлас жемқорлық кейде мектептерде де орын алып жатады. Біз оған заң бұзушылық ретінде емес, жеңіл қараймыз. Ал шындығында ол заң бұзушылыққа жатады. Мысалы мұғаліммен ата-аналар арасындағы сыйлық сыйлау, сыйлық алу. Онда сыбайлас жемқорлыққа жатады. Оған айыппұл салыну заңда көрсетілген. Сол сыбайлас жемқорлыққа қарсы елімізде көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр өздеріңізге белгілі. Солардың бірі кешегі дипломның растығын, жарамдылығын анықтайтын анықтаманы сұратып жатқандығы. Анықтаманы мүмкіндігінше ағымдағы жылдың 31 тамызына дейін толық жинап бітуіміз керек.

Егер сіз ұйымдарда, мекемелерде сыбайлас жемқорлық құбылыстарына пара бопсалау фактілеріне немесе сыбайлас жемқорлық сипатындағы қандай да бір басқа көріністерге тап болсаңыз, сондай-ақ, егер сізге бұл мәселе немқұрайлы болмаса, сіз бірыңғай Call-center 1424 телефон нөміріне хабарласа алатындығыңызды назарыңызға жеткіземіз.

Сыбайлас жемқорлық көріністерін жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдау — әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына айналса ғана, жемқорлыққа қарсы шаралар нәтижелі болары сөзсіз.

Ұсыныс: Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мұғалімдер және оқушылар арасында түсіндіру және алдын алу жұмыстары жүргізілсін.

ДТЖО:



А.Артыков

2023-2024 оқу жылы